

# ПРИОЗЕРСКИЙ Вестник

№ 20/768

2022 жылғы 20 мамыр, жұма

18+

Газет 2004 жылдың 26 маусымынан бастап шығады

Референдум- 2022

Новости Акорды

## БОЛЬШИНСТВО КАЗАХСТАНЦЕВ НАМЕРЕНЫ ПРИЙТИ НА РЕФЕРЕНДУМ



Как показали проведенные экспертами социологические исследования, идею референдума 5 июня 2022 года поддерживают более 70% опрошенных казахстанцев, сообщает Zakon.kz.

В Казахстане активно обсуждается предложение главы государства Касым-Жомарта Токаева о референдуме по конституционным поправкам, запланированном на 5 июня 2022 года. Впервые пакет масштабных политических реформ был заявлен в Послании президента 16 марта, была собрана специальная рабочая группа по подготовке конституционной реформы и после одобрения Конституционного совета РК вышел соответствующий указ президента о проведении референдума.

Как показывают социологические исследования, проведенные общественным объединением «Қоғамдық пікір институты», Службой центральных коммуникаций (СЦК), а также опросы на различных площадках в социальных сетях, подавляющее большинство казахстанцев – более 70% – готовы поддержать конституционные поправки.

Так, по итогам исследования ОО «Қоғамдық пікір институты», прошедшего

в начале мая, политику президента Касым-Жомарта Токаева поддерживают 78,11% респондентов. Телефонные опросы, проведенные в трех мегаполисах – Нур-Султане, Алматы и Шымкенте, а также в 14 областях, в которых приняли участие не только горожане, но и сельчане, показали достаточно высокий уровень поддержки проведения референдума по внесению изменений в Конституцию – 73,33%.

В онлайн-опросе СЦК, проведенном 4-5 мая на платформе Qalaysin, приняли участие 1172 респондента, также из всех регионов. Здесь 71,67% опрошенных поддерживают президентскую идею проведения референдума по внесению поправок в Конституцию.

Показательны и опросы, проведенные в первой половине мая на базе крупных телеграм-каналов (суммарно более 25 тыс. респондентов). Из ответивших пользователей 62, 67 и 73% подтвердили, что собираются принять участие в республиканском референдуме.

Как видно из социологических исследований, предстоящий референдум и изменения в Конституцию небезразличны казахстанцам. Итоги показывают, что конституционные реформы поддерживают порядка 70% респондентов.

На избирательный участок собираются прийти и проголосовать от 62 до 73% опрошенных. Это достаточно высокий показатель.

По материалам: <https://www.zakon.kz>

## ЛИДЕРЫ СТРАН ПОЗДРАВИЛИ ПРЕЗИДЕНТА К.ТОКАЕВА С ДНЕМ РОЖДЕНИЯ

17 мая, глава государства Касым-Жомарт Токаев отметил свое 69-летие. Лидеры стран и международных организаций поздравляют президента Казахстана с днем рождения.

Ранее президент Беларуси Александр Лукашенко поздравил Касым-Жомарта Токаева с праздником и адресовал ему свои пожелания.

Также в ходе телефонного разговора тепло поздравил президента Республики Казахстан с днем рождения глава Таджикистана Эмомали Рахмон. Он пожелал ему больших успехов в реализации поставленных целей и планов во благо народа Казахстана.

Свои поздравления и пожелания выразили Президент Азербайджана Ильхам Алиев, президент России Владимир Путин, Председатель КНР Си Цзиньпин, президент Турции Реджеп Тайип Эрдоган, президент Кыргызстана Садыр Жапаров, президент Узбекистана Шавкат Мирзиёев, президент Туркменистана Сердар Бердымухамедов, президент Республики Корея Юн Сок Ёль. Как сообщает официальный сайт Акорды, поздравительные телеграммы на имя президента Казахстана направили также другие официальные лица, политические деятели и главы религиозных конфессий Казахстана.

Митрополит Астанайский и Казахстанский Александр поздравил Касым-Жомарта Кемелевича с днем рождения, отметив его



огромный труд во благо народа Казахстана.

"Многие годы Вы усердно трудитесь на благо родного Казахстана. Будучи мудрым политиком и ответственным государственным деятелем, вы с первых дней независимости республики принимали непосредственное участие в осуществлении важнейших государственных преобразований, сформировавших современный облик Казахстана. Сегодня на высоком и ответственном посту Главы государства вы прилагаете усилия для всестороннего эффективного развития страны, особое внимание уделяя укреплению гражданского согласия и стабильности. В этот особый для вас день, глубокоуважаемый Касым-Жомарт Кемелевич, примите пожелания крепости душевных и телесных сил, благополучия, помощи от Всевышнего в Вашем многотрудном и ответственном служении на благо единого народа Казахстана", - пожелал он.

По материалам интернет-ресурсов РК

13-мамыр күні қаламызда алғаш рет өткелі отырған «Жыл мекемесі-2022» фестиваль-байқауының ашылу салтанатына қала тұрғындары, қаладағы барлық кәсіпорын, мекеме, ұйымдардың фестиваль-байқауға қатысуға ниетті командалары қатынасты. Жиында екі тілде Жанат Абулова мен Сағынбек Бейсекеев жүргізіп, аталған бәйгеңің шарттарымен толыққанды таныстырып өтті.

«Жыл мекемесі-2022» фестиваль-байқауы аясында келесі ісшаралар өтетін болады. Атап айтқанда, шығармашылық байқауы, сәндік-қолданбалы колонер байқауы және спорттық сайыстар кешені. Шығармашылық байқауында қатысушы командалар мамырдың 20-жұлдызынан бастап әр аптаның



жұмасында «Достық» орталығында шығармашылық концерттерін қоятын болады. Бұл концерттер кестеге сәйкес шілде айының соңына дейін жалғасып, 29-шілде күні қала күнін мерекелеу кезінде гала концертпен аяқталады деп жоспарлануда.


Салтанатты жиында фестиваль-байқауды бағалайтын және төрелік ететін қазылар алқасымен таныстырды. Олар: «Аманат» партиясы қалалық филиалының атқарушы хатшысы Дулат Орынбасарұлы Дюсембаев, жеке

кәсіпкер, Приозерск қалалық қоғамдық кеңес мүшесі Алма Сейтжапарқызы Абилиннова, қалалық архивтің байырғы қызметкері, мәдениет саласының ардагері Жеңіскүл Кемалқызы Кеңесова, жеке кәсіпкер, республикалық және облыстық конкурстардың лауреаты Талғат Маратұлы Қариев, қалалық аналар кеңесінің мүшесі, көп балалы ана Жарас Қармысова, кітапханашы, мәдениет саласының қызметкері Тиранова Надежда Александровна және ақын, ҚР журналистер Одағының мүшесі Нұрғали Қыдырмұратұлы Қарабеков.

«Жыл мекемесі – 2022» фестивалі аясында өтетін келесі байқау – сәндік-қолданбалы колонер байқауы. Бұл байқауға қатысу үшін қатысушылар сәндік-қолданбалы өнер бойынша өздері жасаған шығармашылық жұмыстарын ұсынады, мысалы: ағаш ою; көркем кесте; шыныда, мапада көркем өрнек жасау; бисер тоқу; тоқыма тоқу; қазақтың ұлттық бұйымдарын жасау, яғни құрақ көрпе, сырмақ, кілем тоқу, макраме және тағы басқалар. Сондай-ақ, қатысушы байқауға әзірлеген бұйымды қалай жасады, соны басынан бастап түсірілген бейне-материалды ұсынуы тиіс. Сәндік-қолданбалы өнер көрмесі 18-29-шілде аралығында «Достық» орталығында өтеді. Қала тұрғындары мен қоғамдастары осы көрмені келіп тамашалай алады. Аталмыш байқаудың

төрешілері болып: «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Приозерск қалалық филиалының директоры Қарлығаш Игілікқызы Алтаева, жеке кәсіпкерлер Дәуіржан Тиштыбайұлы Дулатов, Айгүл Қадырқожақызы Қожабекова және киім тігу бойынша шебер-технолог, кәсіпкер Кабира

Орынбайқызы Есжанова және ИМ ардагері, Приозерск қаласы бойыншы ИМ ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Қабуллаұлы Исенов.



«Жыл мекемесі – 2022» фестивалі аясында өтетін үшінші ісшара – спорттық сайыстар кешені, яғни келесі спорт түрлерінен жарыстар: арқан тарту, волейбол, шағын футбол, гир тасын көтеру, армрестлинг (қол күресі) және жүзу-жүгіру- велосипед эстафетасы бекітілген кестеге сәйкес өткізілмек. Осы спорттық сайыстарға жалпы қазылық ету Приозерск қалалық мәслихатының хатшысы Бекзат Мұқсинұлы Сәрсенбеков, жаттықтырушылар Арысхан Әбділмәждүлі, Қайрат Амангелдіұлы Сайлов, Алмаз Дарибайұлы Оспанов, Приозерск қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Амина Мукаевна Башимова, При-

озерск қалалық қазыналық департаментінің директоры Талант Даулетбекұлы Манаков және жеке кәсіпкер Фархат Атабекұлы Сабировтерге жүктелді.

«Жыл мекемесі-2022» фестиваль-байқауының Бас әділ қазылар алқасының мүшелері болып «Балқаш» ЕСК директоры Мансур Талғатұлы Ахмедов, қаланың байырғы тұрғыны, Қазақстан Республикасының құрметті азаматы Сайлау Смағұлұлы Қарабеков, Приозерск қаласы мемлекеттік архивінің директоры Жолмұрат Кеңесұлы Кеңесов, жеке кәсіпкерлер Ким Анна Лукинична және Трифонова Наталья Викторовналар сайланды. Айта кететін жәйт, бұл сайысқа қаламыздың өнерлі де шымыр, өз ісінің білікті мамандарынан құралған 13 команда қатысып, бақ сынамақ.

Салтанатты ашылу соңына қарай «Жыл мекемесі-2022» фестиваль-байқауында өз мекемелерінің намысын қорғайтын өнерлі де өнегелі, шымыр, өз ісінің білгір де білікті мамандарынан құралған топтарымен танысу болып, командалар алаңды айнала жұртшылыққа өздерін таныстырып өтті.

Қала әкімі Сапар Қайыркенұлы Сатаев мен қала тұрғыны, спорт ардагері Ерлік Сәлімұлы Омаров жиналғандарды фестиваль-байқаудың ашылуымен құттықтап, барша командаларға ізгі тілектерін білдірді. Қаланың әншілері Айғанша Болысова мен Бахытжан Сайрмановтың шырыққан әндерінен кейін фестиваль-байқаудың алғашқы спорт жарысы арқан тартуға кезек берілді.

НАЛТЫНБАЙҰЛЫ,  
Суреттерде: жиынан көріністер.

## Фестиваль-байқау басталды



Қарағанды облысы Приозерск қаласының құрметті азаматы  
К.Ж. Жалмұханбетов

Кенес Жексенбекұлы Жалмұханбетов, 1936 жылдың 4 қарашасында, Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Бурылбайтал ауылында дүниеге келген. Аталалары Таңбай, Жаңыбай қазақ еліне белгілі батырлар. Үш жүздің сол кездегі игі жақсыларының ұйғаруымен Таңбай батыр Приозерск қаласындағы халқымыздың қасиетті пантеонына арулап жерленген. Әкесі Жексенбек ақсақал да халқына қалаулы, еліне елеулі болып, Жамбыл облысындағы Куйбышев (Бурылбайтал ауылы) ауылдық Кеңесінің төрағасы болып көп жыл бойы қызмет атқарған. Анасы Қадияша Мақанқызы да еліне сыйлы, қажырлы, немере-шөбере сүйген бақытты ана, ақылшы әже болған. Олар өздерінің ұзақ өмірлерінде ешкімнің ала жібін аттамай, өздерінің әулетінде, тұрмыс құрып, қызмет еткен мекендерінде барша халыққа үлгі болған жандар. Туған-туысқа, құда-жекжаттарға сыйлы, қоғамға да қажырлы еңбектерімен абыройлы болған зилы жандар. Өздерінің парасатты мінез-құлықтары мен күнделікті іс-әрекеттерімен күллі Балқаш өңіріне үлгілі отбасы бола болды. Сондықтан, ұрпақтары олардың рухани аруақтарына бас иіп, мақтанғыш етеді.

Кенес аға 1959 жылдан 1962 жылға дейін Қазақстан магниткасының бірінші Домна пешінде горновой болып Қазақстанның тұңғыш шойынның берген, одан кейін Ішкі Істер министрлігінде қызмет атқарған. 1968 жылы КазГУ-дің заң факультетін бітірген. Солы жылы, тек Москваға ғана бағынатын Қарағанды облысы Приозерск қаласындағы арнаулы соттың төрағасы, 1981-1986 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының судьясы, Алматы қалалық Әділет басқармасының бастығы, одан Торғай облыстық сотының төрағасы, Қазақстан Республикасы Конституциялық сотының судьясы, Алматы облыстық сотының төрағасы. 1996-2004 жылға дейін Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының Қылмыстық істер алқасының судьясы. 2004 жылдың мамыр айында Қазақстан Республикасының «Құрмет» орденімен марапатталды. Судьялар отставкасына шыққаннан кейін, көп жыл бойы Қазақстан Республикасы Ардагер судьялар кеңесінің төрағасы болды.

Кенес Жексенбекұлының жұбайы Алтын Мамбетқызы Көпбаевамен 1960 жылы 14 қыркүйекте Теміртау қалалық АХАЖ-да № 1000 санмен некеге отырған. Алтын апайымыз Алланың нұры жауған Нұра жерінің тумасы. Елімізге белгілі қоғам қайраткері, бір туар азамат Оралбай Абдықаримовтың жакын туысы.

Алтын Мамбетқызы басқарған ансамбль 1960 жылы «Қазақстан Магниткасының ән мен би халық ансамблі» деген атаққа ие болады. 1960 жылы Алматыдағы Республикалық фестивалда бірінші орын алып қайтты. Алтын Мамбетқызы басқарған хорға қатысушылардың саны жүзден асатын. Сол уақытта ҚР Орталық Комсомол Комитетінің жолдамасымен келген ком-сомол жастар Қазақ Магниткасын тұрғызуға әр тараптан келген жастар еді. Ия, сол кездегі Теміртаудағы жастарды нағыз құрышпен қайнап өскен деуге болады. Ол уақытта қиындық көп болды, бірақ ержүрек азаматтар бәрін жеңіп, Сарыарқа өңірінде Қазақстан Магниткасын орнатып, Қарағанды металлургия зауытына іске қосты. 2010 жылдың 3 шілдесінде Қазақстан Магниткасының 50

## ЖҮРЕГІ – АЙНА, КӨҢІЛІ - ОЯУ КЕҢЕС АҒАМЫЗДЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ ҰРПАҚҚА ҰЛАҒАТ

жылдығы болды, көптеген жолдастармен кездесу болды. Уақыт өзен дегендей, өз ағымымен жылжи береді. Алтын Мамбетқызы жолдасы Кеңеспен қол ұстасып, қызмет бабымен Қазақстанның көптеген облыстық орталықтарында қажырлы еңбек атқарды. 1992-2002 жылдар аралығында Алтын Мамбетқызы Сара Алпысқызының «Бөбек» қорында кеңесші болып қызмет атқарды. Еліне қадірлі де құрметті ана, ақылшы әже. «Бөбек», «Ақбота» қорларында мүгедек және жетім балаларға қайырым-дылық жасаған көптеген акцияларға қатысып, алғысқа бөленіп жүрген абзал адам.

Сонымен, Алтын Мамбетқызы мен жан құрбысы Сара Алпысқызымен бірге осы уақытта дейін қайырымдылық пен мейірімділік дәнін себуде. «Бөбек» қорының құрылуы да осы адамдардың бойындағы асыл қасиеттің жемісі. Бүгін Алтын Мамбетқызы - қажырлы, бақытты адам, сүйікті жар, немере-шөбере сүйген бақытты ана, ақылшы әже.

Армансыз адам болмайды. Әркімнің-ақ көкірегі өзін сай арман әлдилейді. Бірақ кез келген адамның арманға жете алмайтыны тағы бар. Асқақ арманға жету үшін алдына айқын мақсат қоя білу, осы мақсатты орындау жолында пенделілік керітартпа дағдылардан арылып, төзімділікпен тер тегу, өзін өзі бағалай алатын қажырлы жандардың ғана қолынан келмек.

Кенес Жексенбекұлының жүріп өткен өмірі мен атқарған қызметін саралап айтсақ, жас ұрпақтарға үлгі болар көптеген мысалдар айтуға болады. Би аға сот саласында жауапты қызметтерде қатардағы атқарушы болып қана қалған жоқ, керісінше, қандай істе болса да бастамашы бола білген бір туар, елімізге белгілі тұлға. Өйткені, жас жүрекке ұя салған балаң арманы өзімен бірге есейіп, қандай қызметте жүрсе де тыным таптырмады. Сол себепті өзін өзі үнемі қамшылап, алға жетелеумен болды, санасына әмір бере алды, ең бастысы өз өмірін өзі орындауға күш-қайраты жетті. Адамның ұзақ өмірінде кездесетін қиын-қыстаулар басты қиындық емес, басты қиындық адамның өзі, кез келген адамның бойынан табылатын пенделік осалдықты ысырап тастап, өзін өзі жеңе алуы. Олай болса Кеңес аға Абай айтқан бес дұшпаннан қашық жүріп, бес асыл іске асық болған, барлық қажыр-қайратын сол асқақ арманға жетуге сарқып жұмсаған және арманына жеткен қайраткер.

Иә, үлкен жолды адамның өткен өміріне зер салып қарайтын болсақ, оның ірім-ірім тұстары көп, күрделі кезеңдерді бастан өткерген толағай тұлғалы азамат екендігіне көз жеткіземіз. Кеңес ағаның сот жүйесіндегі 35 жылдық ерен еңбегі Қазақ елінің игілігіне жұмсалып, мемлекеттің нығаюына арналды. Республиканың заң саласындағы білікті, тәжірибелі, иә, маманы ретінде Ел егемендігінің алғашқы тұстарында Негізгі заң - Конституцияның талқылануына, қабылдануына үлкен үлесін қосты.

Рас, мемлекет мүддесіне қызмет етіп, қайраткер атанған азаматтар тұрасында, олардың өмірлік сара жолы жайында білгісі келетіндер бар ғой. Осы орайда, ғұмырлық тәжірибесінен сабақ алар келер ұрпаққа жұғысты болсын деген ниетпен кемел азаматтың өткеніне үңіліп, барлау жасайық. Би ағамыздың өмір жолын баяндау, «Болмасан да ұқсап бақ» деген Абайдың сөзін ту қылып, жас кезімнен Кеңес ағамдай боламын деп, артынан ерген әрі жерлес, әрі әріптес ретінде өзімнің азаматтық парызым деп ойлаймын.

Тарих - тамырлы, өткені терең, зердесі – биік, елдің ертеңгі ұрпағы – ұлтын, ата-бабасын, ұшқан алтын ұя мектебін әмәнда мақтанш етері сөз-сөз. Уақыт шіркін бір орнында тұрмайды ғой, аяулы әке, асыл жар белгілі қоғам қайраткері, заңгер Кеңес аға 2021 жылдың 4 қарашасында 85 жасқа толды. Кеңес ағамыздың өткен өмірін ойлап қарасан, өмірлік жолы кілең бір кілт бұрылыстардан, оқыс өзгерістерден тұрады екен. Жиырмадан жаңа асқан кезі еді. Бір қараған адамға жағдайы дұрыс, Шоқлар стансасында ауылдық Кеңестің білдей хатшысы. Әке-шешесі жанында, тұрмыстары да жаман емес. Бірақ іштегі жалын атқан жастық жігер бұны байыз таптырмады. Сөйтіп жүргенде баспасөз бетінде Қазақстан Магниткасын салуға жастарды шақырған хабарландыру шыға келсін. Қалтаға комсомол жолдамасын төрт бүктеп салып алып, сағым қуған сайын дала төсін түлетуге бұл да аттанды. Әкесі Жексенбек

пен анасы Қадияша ақ батасын беріп, ақжол тілеп қала берді. Әл-пештеп өсірген ата-анасының батасы жұғысты болды ма, Сарыарқаға алып келген сол бір соқпақ кейіннен сәтті жолға айналып, талай бікірге көтерді. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізетін әдетінің арқасында құрдастарының арасында беделді болды.

Теміртауға келген соң, олардың арасынан 120 адамды іріктеп Магнитгорскіге оқуға жіберді. Оқу аяқталар тұста әлгілерден небәрі табанды-табанды деген 80-дей азамат қана қалды. Аз күндік қиындыққа шыдамай ауылына қайтып кеткен жерлестері үшін талай жер боп ұялғаны бар болатын. Дәл сол кезде Днепрозержинск қаласында да қазақстандық түлектер металлургия мамандығын игеріп жатқан. Олардың ішінде Қазақстанның болашақ тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев та бар еді. Бұлардың жолы Теміртау қаласында тоғысқан болатын.

1960 жылдың 3 шілдесі Кеңес ағаның есінде мәңгі қалды. Бұл күні дәл сағат күндізгі үште Борис Ягвидов бастаған бұлардың бригадасы Қазақстан Магниткасының тұңғыш шойын балқымасын алды. Оның ішінде жас горновой Нұрсұлтан да бар еді.

«Мен Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлымен сол тарихи сәтте бірге болғанымды әрқашан мақтан тұтамын», - дейді Кеңес жүзі ерекше нұрланып. Ұлы Абайдың: «Адам баласын заман өсіреді, кімде кім жаман болса, оның замандасының бәрі виноват», - деген ұлағатты сөзі артында өшпестей із қалдыратын, мәңгі ұмытылмайтын іс қалдыратын бір туар қайраткерлерге арналған. Қайраткер атану тек Парламентке депутат, министр немесе әкім болу ғана емес, қайраткер өз еліне, туған жеріне адал қызмет етіп, артында қалған ізгі істері мен айтқан ұлағатты сөздері естелік болып, ауыздан ауызға жетіп жататын тұлғалар.

Еліміздегі айтулы бұл оқиғаға Дінмұхамед Қонаевтың өзі қатысып, құтықтау сөз сөйлеп, бұларға ақ батасын беріп, бастарына металлургия кигіз тельпегін өз қолымен кигізген болатын. Димекеннің кигізген қалпағы сол тоғыз азаматқа бақ құсы болып қонды. Өздері қорытып жүрген құрышпен қоса қайнап шынығып, олардың аттары ел ауызына ілінді. Бірі құрметті металлург болып, Еңбек ері атанса, екіншісі Жоғарғы Кеңестің депутаты, үшіншісі қоғам қайраткері атанды. Нұрсұлтан Әбішұлы еліміздің тұңғыш Президенті атанып, еліміздің тарихында жаңа бетбұрыс жасады және 30 жыл бойы елімізді тек алға тартып, қазақ елін дүние жүзіне паш етті.

Үш жыл өткен соң Кеңес ағаның өмірінде тағы да күрт өзгеріс болды. Тағы да комсомол жолдамасымен білімді, әрі алдыңғы қатардағы жас азамат ретінде Теміртау қаласының социалистік меншікті ұрлауға қарсы күрес бөлімінің (СМУҚКБ — ОБХСС) қызметкері болып бірақ шықты. Бұл өзгеріс оның өмір жолын біржола айқындап берген еді.

Онда біраз тәжірибе жинақтап, көзге түскен соң, бұған тағы бір ұсыныс көлденең тартылды және анау-мынау емес, Ішкі Істер Министрінің орын-басары генерал Ахмет Тұмарбековтің өзі қолқа салды. Ахметтей ағасының меселін қайтаруға дәті бармады. Оның үстіне баратын жері өзінің туып-өскен өлкесіне бір табан жақын еді.

Сонымен, тағдыр енді мұны Бетпақтың төсіндегі жабық, әрі құпия әскери қала Приозерскіден бірақ шығарды. Жап-жас аға лейтенантка тікелей Мәскеуге ғана мойын ұсынатын әскери адамдардың ортасында СМУҚКБ тізгінін тең ұстап отыруы оңайға соққан жоқ. Шендері де жоғары, шіренсе шірде үзгендей ығай мен сығайдың арасында адал қызмет атқарды.

1968 жыл мұның өмірінің тағы бір жапа парағын ашты. Сол жылы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетін бітірген еді. Сондықтан, Жоғарғы соттың басшылары оны білімді заңгер ретінде сот саласына қызметке шақырған болатын. Осыдан кейін арнайы соттың төрағасы болып, қияндағы Шалғиядан (Қарағанды облысы) бір-ақ шықты. Мұнда да небір қиын істің киноын тауып, қияметтің қыл көпірінен талай етті.

Осы жерде жақсы сот қызметкері ретінде көзге көрініп, өзі қызмет атқарған Приозерск қаласына арнайы соттың төрағасы болып оралып, тағы да сол жерде он шақты жыл еңбек етті. Ол кезде Приозерск қаласы тікелей Москваға бағынатын жабық, әрі құпия қала

### Жаныңда жүр жақсы адам

болатын. Қалада бар-жоғы 2-3 қазақ отбасылары болатын және солардың ішінде жауапты қызмет атқарған Кеңес аға ғана болатын. Мұның «Кеңес» деген атының шыққаны сол жылдар. Екіпінді алғашқы «е» әрпіне түсіріп: «Кеңес келе жатыр!» - десетін үрпісіп. Соның бәрі қара қылды қақ жарған әділдігі мен адалдығының арқасы еді. Одан кейін Кеңес ағамыздың еңбегі ескеріліп, сот жүйесінің үлкен шаңырағы Жоғарғы сотқа бірден қызметке шақырылды. Беделді-ақ орын. Бірақ қылмысқа қарсы майданның алғы шебінде жүріп үйреніп қалған Кеңес Жексенбекұлы Жоғарғы соттың басшылары Торғай облысы ашылғанда үлкен сенім арттып, облыстық соттың тізгінін қолына алады. Торғай бір жабылып, қайта ашылғанда да Кеңес аға сол жерден тағы да табылды. Бір кезде өзі құрған облыстық сот тоз-тоз болып кеткен екен, үлкен іскерлік көрсетіп, шаңырағын қайта көтерді. Жаңа қызметкерлер тәрбиеленді. Кеңес Серік Ақылбай сияқты бір кездері өзі шындаған шәкірттерімен Жоғарғы соттың биік шаңырағы астында бірге қызмет атқарды. Ал елімізге белгілі заңгер Серік Ақылбай Парламентте сенатор және жай ғана сенатор емес, Парламент Сенатының Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы болды.

Торғай облысынан кейін, Кеңес ағамыз Алматы облыстық сотының төрағасы болады. Үш рет қатарынан Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының судьясы атанды. Иә, айта кету керек, 1992-1995 жылдар аралығында, жоғарыда айтылғандай, мемлекеттіліктің алғашқы жылдарында Конституциялық соттың судьясы қызметін атқарды. Одан кейін, Парламенттің жоғары Палатасына сенатор болып сайланды. Көпшілікке белгілі жайт қой, сын сағатында тұрған, елдігін сақтап қалуға бар үшін жұмсаған Қазақстан үшін дәл сол шақта көрген-түйгені мол, жоғарғы білімді мамандар қажет болды. Міне, сол сәтте Кеңес ағаді сарабал азаматтар бой көрсетіп, мемлекет іргесінің бекуіне септігін тигізді.

Кеңес ағамыз бұл күнде мерей жас 85-ге толып отыр. Бұл өмірден көргені де, түйгені де көп. Бір кезде құрыш қайнатып, болат шындаса, енді бар білгенін басқаға үйретіп, жастарды баулудан бас тартқан емес. Жоғарғы соттың ұжымы бұл кісіні «Біздің ақсақал» деп ардақтайды. Аға тұтып ақыл сұрайтындар да жетерлік. Кеңес ағаның азамат ретіндегі басты ерекшелігі: қарапайымдылығы мен кішіпейілдігі, парасаттылығы мен мәдениеттілігі, туған-туыстарына деген мейірімділігі. Бір ауыз сөбен айтқанда қазақтың нағыз зиялы азаматы.

Жұбайы - Алтын Мамбетқызы Астанадағы «Ақбота» қорында жетім бүлдіршіндерге аналық, әжелік дуақ шашып жүр. Ол кісімен сол Теміртауда табысқан. Онда Алтын жемізі консерваторияны енді бітіріп келген жап-жас қыз болатын. Қазақстан Магниткасының ән-би ансамблі басқаратын. Хор, ән-би, домбырашылар үйірмесін құрып, жарқылап жүрген кезі. Бұлар хорға қатысады. Клара, Сара, Барқыт, Марио деген қыздар жеке дауыста ән салады. Сондағы сызылтып ән салатын Сара - қазіргі «Бөбек» қорының төрайымы Сара Алпысқызы Назарбаева. Жан-жағына шуақ шашып, әрдайым жетім-жесірлерге көмектесіп келеді.

Кеңес аға - ұлын ұяға, қызын қияға қондырған құтты шаңырақ иесі. Ұлы - Арман болса аға жолын қуған мұрагері, бұл күнде полиция генерал-майоры. Еліміздің Ішкі Істер Министрілігінде жауапты қызмет атқарады. Немересі Әмір де атасының жолын ұстап, заңгер болды. Немерелері - Индира мен Сабина да жауапты қызметтерде.

Марқұм қызы - Гүлмира педагог-тәрбиеші еді, кемелденген жасында қайтыс болып кетті, артында тұяғы - ұлы Альмир қалды.

Кеңес өмір бойы әділдіктің арашашысы болып келеді. Оның қолынан көп жылдық судьялық қызметінде жылына жүздеген, мыңдаған істер өтті. Қатардағы судья емес, қалалық, облыстық соттың төрағасы, Жоғарғы Соттың тәртіптік алқасының төрағасы қызметтерін абыроймен атқарды. Қашанда төрелік айтарда таразы басын тең ұстауға тырысты. Оған қажыр-қайраты мен көп жылдық тәжірибесі де көмектесті. Қателесуге еш қакысы жоқ еді. Өйткені, әр істе адам тағдыры бар болатын. Ардақты еңбегі еленіп, мемлекеттің «Құрмет» орденімен тағы басқа да көптеген мемлекеттік медальдармен марапатталды.

(соңы 3 бет.)

Алматы қаласындағы Қазақстан жазушылар Одағының ғимаратында 18-мамыр күні «Қазақ әдебиетінің көктемі» тақырыбы аясында 2021-жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан жазушылар Одағының кеңейтілген мәжілісі болып өтті. Жиынға ҚЖО хатшылары Қасымхан Бегманов, Мереке Құлқенов, Ақберен Елгезек және 14 облыстағы ЖО филиалдарының директорлары қатысты.

Қазақстан Республикасының әнұраны айналғаннан кейін, жиылғандар өткен жылдарда дүниеден өткен шығармашылық саласында қызмет еткен әріптестерін бір сәттік үнсіздікпен еске алды. Еліміздің барлық аймақтарындағы шығармашылық тұлғалардың басын қосқан жиынды Қазақстан жазушылар Одағының хатшысы, ақын, профессор Бауыржын Жақып ашып, өткен жылы Қазақстан жазушылар Одағы басқармасының атқарған жұмыстары және алда тұрған міндеттер бойынша баяндама жасау үшін сөзді Қазақстан жазушылар Одағының басқарма төрағасы Ұлықбек Есдәулетке берді. Баяндамашы қазіргі таңдағы ЖО тарапынан атқарылып жатқан жұмыстар туралы есеп берді. Дүниеден мезгілсіз өткен жас жазушы Аягүл Мантайдың кітабының тұсаукесері болды.

## ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ КӨКТЕМІ (Қазақстан жазушылар Одағының жыл қорытындысы)

ҚЖО басқарма төрағасының баяндамасы бойынша өткен жылдар поэзиясы туралы ақын, «Алаш» сыйлығының лауреаты Шәмшия Жұбатова, балалар әдебиетіндегі поэзия мәселесі бойынша «Ақжел-

мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Мағиращ Қожахметова, жастар прозасы туралы Өміржан Әбдіқалық, 2021-жылғы әдеби сын тақырыбында филология ғылымдарының докторы, профессор Жанғара Дәдебаев, дра-



матургия бойынша Амангелді Мұқанов, сатирадан актөбелік сатирашы Нұрлыбек Жұбатқан, көркем аударма мәселесі бойынша Елордадағы Еуразия университетінің ұстазы Лаура Дәуренбекова, шетелдердегі қазақ әдебиеті жөнінде Армиябек Сағымбекұлы, орыс әдебиеті туралы Шашкова Любовь Константиновна, ұйғыр әдебиетінен Абуд Масимов, белгілі ақын Темірхан Медетбек, ҚЖО Астана филиалының директоры Дәулеткерей Кәпұлы карт ақын, ақсақалдар кеңесінің

мүшесі Зейнолла Тілежанов және Маңғыстау өңірінен Мырзағали Іңкәрбаевтер жарыссөзге шықты. Шешендердің барлығы да Қазақстан жазушылар Одағының бүгінгі таңдағы атқарып отырған жұмыстарына оң бағаларын беріп, түйткілді мәселелерді біргелікте шешу мәселесін атап өтті.

ҚЖО-ның кеңейтілген мәжілісінде бірқатар ақын-жазушыларға «Қазақстан халық жазушысы» атақтары және өткен жылдардағы барлық жанрлар бойынша «Алаш» сыйлығының лауреаттары анықталып, жүлделері мен төсбелгілері табысты алды. Сондай-ақ, еліміздегі пандемиялық жағдайларға байланысты тоқтап қалған Қазақстан жазушылар Одағына мүшелікке қабылдау рәсімі болып өтті. Мүшелікке қабылданғандар арасында жерлесіміз, Қазақстан Республикасы журналистер Одағының мүшесі, ақын Нұрғали Қыдырмұратұлы Қарабектегі де болды. Оны Приозерск қаласының тұрғындары және «Приозерский вестник» газетінің ұжымы атынан осынау атаққа ие болуымен құттықтап, шығармашылық табыс тілейміз!

### Сүйінші

**Б.КЕНЖЕБЕКОВ,**  
*Н.Қарабеков сол жақтан бірінші отыр*

(соңы басы 2 бет.)

Сот саласының білімді маманы, белгілі заңгер, бір туар азамат Кеңес аға енді міне көп жылғы көрген-білгенін қағаз жүзіне түсіре бастады. Құқыққорғау саласында және сот жүйесіне енгізілетін реформалар жайында жүйелі түрде газет-журналдарға мақалалар жариялап тұрады. Әсіресе ол кісінің сот төрелігін атқарудағы судьяның тәуелсіздігі, сот төрелігіне қандай да болмасын тыйым салынатыны, соттардың атқарушы билік органдарынан тәуелсіз болуы, сот төрелігін атқаруды неғұрлым жоғары деңгейге көтеру, судьялар мәртебесі мен соттардың мамандандырылуы, судьялардың және сот саласының зейнеткерлерінің материалдық және әлеуметтік қамтамасыз ету шаралары және Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңдылық күші бар 1995 жылғы Жарлығына және 2000 жылдың 25 желтоқсанында қабылданған «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу жөніндегі сүбелі ұсыныстары мен ой-тұжырымдары өте құнды.

Осы жылдар арасында ағамыздың үш бірдей кітаптары жарық көрді. Ол еңбектерде 1955-2012 жылдар арасындағы қатарлас жүрген азаматтардың адамгершілік қырлары баяндалып, тәуелсіз ел азаматтарын Отан сүйгіштілікке, шындық пен әділеттілікке баулиды. Бұл шығармалардың келешекте ұрпақ үшін үлкен тәрбиелік мәні бар, себебі өскелең ұрпақ өзінің шыққан тегі мен негізін білу керек. Кітаптарда жазылған деректер сонау ата-бабаларымыздың елін, жерін қорғап, өздерінің биік, таза, рухани қасиеттері мен мәдениетін, тілін, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптарын сақтаудағы ерліктерін көркемдеп көрсету, теңдесі жоқ ізгі ниет екенін көрсетеді.

Әсіресе, Кеңес ағамыздың 2010 жылы шыққан «Ғасырлар белесі» кітабының жалғасы, 2012 жылы жарық көрген екінші кітабында көшпенділер жайындағы тарихи

## ЖҮРЕГІ – АЙНА, КӨҢІЛІ - ОЯУ КЕҢЕС АҒАМЫЗДЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ ҰРПАҚҚА ҰЛАҒАТ

шындық пен қазақ халқының ұлы хандары, атақты билері мен батырлары туралы құнды тарихи деректер бейнеленген.

Көпшілікке ұсынылып отырған бұл кітап бірнеше ғасыр өмір сүрген, қазақ халқының тарихы, қазақ ұлтының қаһар-

Ел аузындағы тарихи деректер мен аңыз-әңгімелер, сондай-ақ ата-бабаларымыздың ұлағаттары сөздері, өлең-жырлары және мұрағат қорлары да кеңінен пайдалынған. Кітап мазмұны тек өмірбаянмен ғана шектелмейді, онда Қазақстан тарихына қа-



Президент қабылдауында Конституциялық Соттың судьялары 1994

мандары – хандары, билері, батырлары және қоғам қайраткерлерінің өмірлері, Қазақ хандығының саяси құрылымы және ондағы би-батырлардың саяси қайраткер ретінде алатын орны, қазақ қоғамындағы әдет-ғұрып құқығы және оның өзегі мен бастаулары, сол кездегі қазақ игі жақсылары, және өзінің өнегелі өмір соқпағы, кейінгі ұрпаққа үлгі болып қалатын ауқымды істері туралы сыр шертеді.

тысты тарихи тың деректер мен ұлттық құндылықтар да молынан суреттеледі. Кітаптың өзегі: салт-дәстүр, әдет-ғұрып, тіл-тағлым, жөн-жоралғы, ілім-білім, тәлім-тәрбие, тылсым-табиғат, тарихат-тәжірике, деректер мен дәйектер. Кітап тарих-шыларға, заңгерлерге, жалпы ата-баба тарихын білуге құштар оқырман қауымға арналған.

Кеңес ағамыз Абайдың: «Сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел!» - деген әдебиетке

### Жаныңда жүр жақсы адам

көркемдік, танымдық құндылықтарымен қоса, халық тәрбиесіне қатысты азаматтық жауаптылықты жүктеп отырған асыл сөздерін басшылыққа алды. Көркем әдебиет ұлттық мүддеге қызмет ететін басты құрал және азаматтық парыз, бұл іске заңгер-лердің де ат салысуға қажысы бар және һәм міндетті.

Кеңес ағамыздың жүріп өткен жолы бір тарихи құбылыс. Өйткені, Кеңес ағамыз туған өлкесі – Балқаш өңірінің көздерінде жалын, кеуде-лерінде дарын бар балалары: «Болмасаң ұқсап бак...»,- деген Абайдың сөзің ту қылып, өскенде Кеңес ағамыздай сот боламыз деп алдарына мақсат қойды және соларман-мақсаттары оларды алға сүйреді.

Мен де жас кезімнен Кеңес ағамдай заңгер боламын мақсат қойдым, сол мақсатпен заң факультетіне түсіп, 20 жылдай Ішкі Істер саласында қызмет атқарып, полковник шенін алып, сот саласына ауыстым. Осы алға қойған мақсатымды мен Астана қаласының Салтанат сарайында Кеңес ағамыздың немересі Әмірдің үйлену тойында халыққа жария еткен болатынмын, ол кезде мен Ішкі Істер Министрлігінде қызмет атқарып жатқан болатынмын. Алла жар болып, аруақтар қолдап, енді міне Кеңес ағамдай сот саласында халқыма адал да, абыройлы қызмет атқарып жатырмын.

Саналы өмірінің ширек ғұмырын қазақ елінің игілігіне, оның құқық-қорғау саласына, сот жүйесіне арнаған ұланғайыр еңбегі, халқына адал берілген махаббаты Кеңес Жексенбекұлы Жалмұханбетовті қалың нөпір көштің ішінен алдыңғы легіне алып шықты. Бүгінгі күні Абай айтқандай «Жүрегі –айна, көңілі - ояу» Кеңес ағамыз - елдің сот қайраткерлерінің алдыңғы қатарынан ойып орын алған әділет, заң сардарларының бірі.

Абыз ағамызға мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, баянды бақыт пен шаттық тілеймін!

**Ж. Шөженов,**  
**Қарағанды қаласының Қазыбек би аудандық сотының судьясы**

### Шынықсаң шымыр боласың!

«Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлеріне қарасты 06708 әскери бөлімінің спорт қалашығында 7 мамыр - Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылған күніне 30 жыл толу және 9 мамыр - Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күніне 77 толуына арналған спорттық жүгіру шеруі ұйымдастырылып өткізілді. Мерекелік іс-шараға бөлімнің барлық санаттағы әскери қызметшілері тартылды. Спорттық жүгіру шеруін Приозерск гарнизонының бастығы, 06708 әскери бөлімінің командирі подполковник Абеков Жасұлан Садұлы өзі басқарып жүрді.

Отан қорғау жолындағы әскери қызметтегі өз міндеті мен берілген тапсырмаларды орындау кезінде әскери қызметшінің қай қырынан алып қарасақ та жігерлі, мықты және дене бітімі жағынан да мығым болғаны

## СПОРТ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕШЛІ!



абзал.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында күнделікті спорт және дене шынықтырумен айналысуы жеке құрамның күн тәртібінен түскен емес.

Әскери бөлімнің спорт қалашығында сап түзеген әскери қызметшілерді Приозерск гарнизонының бастығы, 06708 әскери бөлімінің командирі подполковник Ж.Абеков 7 мамыр - Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылған күніне 30 жыл толу және 9 мамыр - Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күніне

77 толуымен құттықтады. Әскери шендегі басшы подполковник Жасұлан Садұлы: «Бүгінгі іс-шара егеменді еліміздегі салауатты өмір салтын қалыптастырудың бір көрінісі деп білеміз. Осы сапта тұрған әрбір қызметші әрдайым спорт және дене шынықтыру дайындығы жағынан алда болуы тиіс. Қимылы ширақ әскери қызметшісі бар Тәуелсіз Қазақстанның айбынды армиясының сөз жоқ, мәртебесі тоқтаусыз арта беретіндігі анық!» - деп, өзінің жеке құрамға арнаған құттықтау сөзін жеткізді.

Спорт қалашығының жол бастау сызығынан бағыт алған 06708 әскери бөлімінің жеке құрамы 3 шақырым қашықтықты жап-пай бір топта жүгіріп өтіп, спорт және дене шынықтыру дайындық деңгейінің жоғары екендігін көрсетті.

**Думан Құрманғалиев,**  
**Приозерск гарнизонының баспасөз хатшысы**

**Жұқпалы аурудан сақтан!**

Жедел ішек инфекциялары – бұл бактериялар, вирустар, қарапайымдылар тудыратын және балалар мен ересек адамдарда ішек қызметінің бұзылуымен (диарея) сипатталатын жұқпалы ауру. Бұл әлемде ең көп таралған инфекциялардың қатарына жатады. Барлық ересектердің, әсіресе, балалардың дизентериямен, сальмонеллезбен, колиэнтеритпен және басқа да жедел ішек инфекцияларымен ауырмаған бірде бір ел жоқ.

Жұқпалы жедел ішек ауруларының бас көтеретін мезгілі қазіргідей жаз айлары болып есептеледі. Ішектің ауруға шалдығуынан, кейде іштің бұзылуы организмнің кейбір тағамдарды қорыта алмауымен байланысты. Ішек инфекциясы – жұқпалы ауру. Инфекция ауыз арқылы жұғып, қоздырғышы ішекте өсіп жетіледі де, микробтар нәжіспен ілесіп, сыртқы ортаға тарайды.

Инфекция гигиеналық тазалықтың төмен дәрежеде болуынан, азық-түліктерден, мәселен, жуылмаған көкөністерден, пісірілмеген сүттен, сапасыз тағамдарды пайдаланғаннан, шала пісірілген тағамдарды қолдану, сондай-

**ЖЕДЕЛ ІШЕК ИНФЕКЦИЯЛАРЫ, АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ**

ақ, ауыз суды қайнатпай ішкендіктен, лас суға түскендіктен жұғады. Жаз айларында инфекцияны көп жағдайда шыбындар таратады.

**Ішек инфекциясы: түрлері**  
тырысқақ, Тамақтан улану, дизентерия, Staphylococcus, энтеровирусты, сальмонеллез, іш сүзегі.

**Аурудың алғашқы белгілері:**  
Іштің жиі-жиі судай өтуі, дене қызуының көтерілуі, асқа тәбеті болмау, шөлдеу, құсу, бас ауру, жалпы әлсіздік, селкостық, маза-сыздық, ауырсыну, дәретіне қан қоспасының немесе кілегейдің пайда болуы. Науқаста қайталамалы құсық, іш өткен сайын адамның жағдайы ауырлай түседі. Өйткені, организм өзіндегі тіршілікке қажетті су мен тұздарды көп жоғалтады. Жоғарыдағы аталған клиникалық белгілер пайда бола бастаса дәрігерге көрінуі керек. Мұндай кезде дәрігер келгенше немесе жеткенге дейін біраз уақыт кетеді. Сондықтан, мүмкіндігінше ем жасай бастаған жөн. Ол үшін сұйықтықты мол, көбірек ішкізген жөн. Өздігінен емделу аурудың асқынуына әкеліп соғуы немесе созылмалы

формаларына ұласуы мүмкін. Антибиотик қабылдау сырқаттың клиника-лық сипатын өзгертеді, мұның өзі дұрыс диагноз қоюды қиындатады.

**Алдын алу шаралары:**  
Ішек инфекциялары бұрынғы заманнан бері “кір қолдың” ауруы деп аталып келіп, онымен салақ адамдардың жиірек ауыратындығы дәлелденген. Шынында біз күн сайын күні бойына қолымызбен айналадағы кір заттармен жанасамыз, айтар болсақ, қоғамдық көліктерде тепе-теңдікті сақтау үшін тұтқаны ұстаймыз, неше түрлі адамдар ұстаған қоғамдық мекемелердің есік тұтқасын ұстаймыз, дүкендерде сауда жасағанда сатушымен, көліктерде кондуктормен есеп айырысамыз, ақша санасамыз, таныстарды көргенде қол беріп амандасамыз. Осыдан келіп, «жұмыстан, серуендеуден үйге келгенде, тамақ дайындаудың, ішердің алдында, сондай-ақ, балалармен ойнарда және оларға күтім жасағанда қолыңызды сабындап мұқият жуыңыз» деген қарапайым ережелер

туындайды. Осындай қарапайым ережемен сіз өзіңізді де және отбасы мүшелерін де әртүрлі инфекциялардан қорғай аласыз.



Приозерск қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы.

**Внимание, конкурс!**

отличившихся в реализации природоохранных (экологических) программ, направленных на улучшение состояния окружающей среды.

Также, в конкурсе учреждается специальная премия «Лучший социальный проект года».

В данной специальной премии рассматриваются социальные проекты, реализуемые бизнесом, способствующие занятости и (или) улучшению условий жизни социально-уязвимых и малообеспеченных слоев населения.

Документы для участия в конкурсе принимаются до 01 июля 2022 года.

Для получения более подробной информации просим обращаться в ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск» по адресу: город Приозерск, ул. Балхашская 5 (кабинет 109, телефон 5-24-06).

ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск»

**РЕСПУБЛИКАНСКИЙ КОНКУРС ПО СОЦИАЛЬНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ БИЗНЕСА «ПАРЫЗ» В 2022 ГОДУ**



Министерство труда и социальной защиты населения РК, Национальная палата работодателей, Федерация профсоюзов Республики Казахстан объявили о начале проведения республиканского конкурса по социальной ответственности бизнеса «Парыз» в 2022 году.

В связи с этим, приглашаем всех работодателей и предпринимателей города Приозерск принять участие в данном конкурсе.

Конкурс по социальной ответственности бизнеса «Парыз», направлен на формирование и повышение субъектами частного предпринимательства своей корпоративной социальной ответственности перед обществом и проводится ежегодно в два этапа на региональном и республиканском уровнях.

Участие в региональном и республиканском этапах конкурса является бесплатным.

Конкурс проводится по 4 номинациям:

1) «Лучшее социально ответственное предприятие».

В данной номинации рассматривается деятельность претендентов, реализующих социальные программы, направленные на поддержку собственного персонала, участие в реализации социальных проектов региона, социальную адаптацию людей с ограниченными возможностями и улучшение благосостояния общества в целом (организация

оплаты труда и социальных выплат, системы профессиональной подготовки и переподготовки кадров, трудоустройство наибольшего количества людей с ограниченными возможностями и так далее).

2) «Лучшее предприятие в области охраны труда».

В данной номинации рассматривается деятельность претендентов, создающих условия труда, позволяющие сохранить здоровье работников в процессе трудовой деятельности.

3) «Лучший коллективный договор».

В данной номинации рассматриваются коллективные договоры, значительно улучшающие и укрепляющие трудовые и социальные права работников, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

4) «За вклад в экологию».

В данной номинации рассматривается деятельность претендентов, значительно

**Спорт – денсаулық кепілі**

«Халықтың денсаулығын жақсарту мәселесі айрықша назар аударуды талап етеді. Барлық жастағы ел азаматтары арасында бұқаралық спортты дамыту маңызды. Спорт инфрақұрылымдарының балалар үшін барынша қолжетімді болуын қамтамасыз ету керек. Бұқаралық дене шынықтыруды өркендету ісі жаңа чемпиондар шығуына шығатын пирамидаға айналуды тиіс. Бұл салауатты әрі белсенді жастардың, түптеп келгенде, қуатты ұлттың негізін қалыптастырады».

Қасым-Жомарт Тоқаев, Қазақстан Республикасының Президенті

Білім ошақтарындағы дене тәрбиесі үрдісі күрделі, жан-жақты және мектептің басқа оқу-тәрбие жұмыстарымен өте тығыз байланысты болғандықтан, ол терең ой-толғаныстарын, көлемді білімділікті керек етеді. Дене тәрбиесі міндеттерін дұрыс түсінген мұғалім жеке оқушылардың таңдап алған спорт түрлерінен жоғарғы жетістіктерге жетуін ғана емес, барлық оқушылардың денсаулықтарын нығайту, қозғалыс ептілігі мен дағдыларын қалыптастыру арқылы оларды үлкен өмірге дайындайды. Мұғалім оқушыларды дене жаттығуларымен тұрақты, жүйелі шұғылданауға үйретеді.

XXI ғасыр - жан-жақты білімді, бәсекеге қабілетті адамдар ғасыры десек, сол бәсекеге қабілетті болу үшін денсаулығы мықты, шыныққан тұлға болуы керек. Әрбір адам өзін келешекте өмір сүруге әзірлеп отыруы тиіс. Ал, ғылым мен техниканың дамуына байланысты көптеген қол жұмыстары, ой

**БАСТАУЫШ СЫНЫПТАҒЫ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІН ОҚЫТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ**

еңбегімен алмастырылып, дененің қимыл-қозғалыстары азаюда. Сондықтан дене тәрбиесін оқытудағы мұғалімнің басты мақсаты - кіші мектеп жасындағы балаларды дұрыс тәрбиелеу, олардың дене тәрбиесі сабақтарында дене бітімінің түзу, дұрыс калпын



қалыптастыру, баланың күн тәртібін дұрыс құру болып табылады.

Оқу жылының басында барлық оқушыларды міндетті дәрігерлік тексеруден өткізу қажет. Бастауыш сынып оқушылары жан-жақты жетілдіріп, денсаулығын нығайту, оларды өмірде белсенді болуға және келешекте өз Отанын қорғауға дайындайды. Бұл міндеттерге жетуге және дене тәрбиесі жүйесінің барлық түрлері қолданылады. Қазақ халқының аса дарынды ақыны және педагогы Мағжан Жұмабаев өзінің «Жалпы педагогика» атты еңбегінде былай деп жазады: «Тәрбие төрт түрлі: дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі және құлық тәрбиесі. Егер адам баласына осы төрт

тәрбие дұрыс және тегіс өз мәнінде берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны».

Дене тәрбиесі сабағында ұлттық ойын ерекшеліктерін пайдалануға болады. Оның түрлерімен оқушыларды таныстырып отыру аса көптік етпейді. Ондай ойындар ішінде «Асық ату», Ақсүйекті» т.б ептілікке, шапшаңдыққа баулыса, «Тоғызқұмалақ» ойыны оқушының ой-қабілетін дамытуға және математикалық есептеуге негізделген ойындар болып есептеледі.

Жас ұрпаққа бос уақытын бостан-босқа өткізбей, пайдалы спорт түрлерімен айналысуға баулу олардың жаман жағымсыз, адам баласына зиянды қылықтардан аулақ болуға үйретеді. Тек ұлттық ойындар ғана емес, әлемдік спорт түрлерінің элементтерімен таныстырып, әсіресе, Олимпиадалық ойындарда жүзде алған спортшыларымыз туралы насихат жұмыстары олардың өмірлерінен, жүріп өткен жолдарынан мысалдар көрсетіп, тіпті теориялық сабақтарда олардың жеңістері туралы бейне көріністер ұйымдастырылса, оқушыларға өте жақсы болады.

Денсаулығы жақсы бала оқыту процесінің барлық түрлеріне белсене араласады, сонымен қатар әрдайым жайдарлы, өмірсүйгіш қалпынан танбай, құрбыларымен де еркін араласып, ұстаздарына да жылы қабақ танытады. Жақсы ұйымдастырылған сабақта балалар арасынан ойынды жақсы ұйымдастырушы – белсенділер, ойын басқарушылар өсіп шығады. Қазіргі кезеңде көптеген жас жеткіншектер дене қозғалысына көп мән бермейді.

Жетіліп келе жатқан ағзаны шынықтырып отыру керектігін оларға ата-аналары да ұғындыра бермейді. Қадағалап отыруға көбісінің жұмыстан қолы босмайды. Сондықтан мектептегі дене тәрбиесі сабағында мұғалімнің сауаттылығы мен өз мамандығына қызығатындығы бүгінгі заманда шешуші рөл атқарады. Жас жеткіншектерді салауатты өмір салтына баулып, спортпен шұғылданауға үйрету. Оқушыларды тек спорттық ойындарға үйретіп қоймай, мәдениеттілікке және салт-дәстүрлерді құрметтеуге, Отан сүйе білуге, басқа ұлттар мен елдердің салт-дәстүрлерін құрметтей білетін намысты ұрпақ тәрбиелеу - кез келген ұстаздың бүгінгі күнгі арманы.

Дана халқымызда “Дені сау адам - табиғаттың ең қымбат жемісі” - деп, бекер айтылмаса керек. Бірінші байлық - денсаулық десек, ал сол денсаулықтың кепілі – спорт. Дене тәрбиесі соның құрамдас бөлігі, дәлірек айтқанда бастапқы баспалдағы. Онымен тұрақты шұғылданған адамның денсаулығы мықты болмақ. Бұл сөз кезегінде жақсы оқуға жемісті еңбек етуге деген ынты-жігерді арттырады. Ал, жасампаз еңбек елдің табысын еселейді, өз елінің данқын асқақтатады. Денсаулығы күшті, бойында қуат күші мол шымыр, шыныққан жан-жақты дамыған адамның нағыз отансүйгіш болып, өсіп жетілетіндігі сөзсіз.

Жанар Бекетова, Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «№1 жалпы білім беретін мектебі» КММ

**Меншік иесі: "ЖК А.В. Струментов".**  
“Приозерский вестник” газеті Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігінде 15.03.2004 ж. №4843-г тіркелген, 24.12.2018 ж. № 17414-Г МББ қайта тіркеу туралы куәлігі.  
**Редакцияның мекен-жайы:** 101100 Приозерск қаласы, Космонавттар көшесі, 5 үй, 106-107 оф.  
**Анықтама телефондары:** +7-705-981-86-79 (бас редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор). **E-mail:** prz\_westnik@mail.ru; **instagram:** https://shortlinks.plus/zmsid, **fb:** https://shortlinks.plus/qfbKi  
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, "Арко" ЖШС-де басылды. Тапсырыс № 20/768. Таралымы: 500 дана, көлемі-1 б.т., пішімі - А2, 4 бет.

**Бас редактор: Б.А.Кенжебеков.**  
**Техникалық редактор: А.В.Струментов.**  
**Жеке хабарландырулар мен жарнама беру үшін мына телефонға хабарласыңыз: +7-705-466-60-63**  
**Хат-хабар мына электрондық мекенжайға қабылданады: prz\_westnik@mail.ru**

Газет газет-журналдарды сататын орындарда (баспа киоскілері, дүкендер, базарлар), редакцияларда және Приозерск қаласындағы жеке таратушыларда таратылады. Сондай-ақ облыстың барлық қалалары мен аудандарында жазылу бойынша.  
**Жазылу индексі - 65041**  
Хаттар, қолжазбалар, фотосуреттер мен суреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Келтірілген фактілердің, статистикалық деректердің, тиісті атаулардың, географиялық атаулардың және басқа да деректердің дәлдігі үшін жарияланым авторлары жауапты болады. Редакция жарнаманың мазмұны үшін жауап бермейді. Авторлардың пікірі редакцияның пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін. Редакцияның келісімінсіз материалдарды қайта басуға тыйым салынады.